

Мектепте мемлекеттік қызметті
көрсетуге жауапты тұлғаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V «Мемлекеттік қызмет көрсету туралы» Заңына сәйкес мектепте мемлекеттік қызмет көрсетуді ұйымдастыру, көрсетілген қызметтің сапасын және қызмет алушыларға қызмет алуда тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

- Төмендегі тұлғалар мектепте мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты болып бекітілсін:
 - мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары С.К.Кауменова мен бастауыш сыныптар бойынша орынбасары Э.А.Қасанғалиеваға:**
 - Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомствалық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау.
 - Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру.
 - Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау.
 - Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау.
 - мектеп директорының бейінді оқыту жөніндегі орынбасары С.Е.Айдарға:**
 - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау.
 - мектеп директорының тәрбие ісі бойынша орынбасары А.Ж.Садыковаға:**
 - Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру мемлекеттік қызметтің көрсету;
 - әлеуметтік педагог Ж.Ж.Убанова:**
 - Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну, мемлекеттік қызметті көрсету.
- Жауапты тұлғаларға жүктелсін:
 - мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттары мен регламенттерін қатаң сақтау;
 - мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету;
 - мемлекеттік қызмет көрсету үрдісін тұрақты жетілдіріп отыру.
- Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры

Бұйрықпен таныстым



Б.А.Абдуллина

С.К.Кауменова
Э.А.Қасанғалиева
С.Е.Айдар
А.Ж.Садыкова
Ж.Ж.Убанова